

## Кәмелетке толмаған балалардың ата-анасымен қосылуға арналған виза

### Негізгі ақпарат

- Сіз барлық жаднамалар мен формулярларды дипломатиялық өкілдіктерінің виза бөлімшелерінде немесе веб-сайттарында тегін ала аласыз.
- Сондай-ақ «Ұлттық визаға өтініш беру туралы жалпы ақпарат» жаднамаға назар аударыңыз. Қосымша ақпаратты [Қазақстандағы неміс өкілдіктерінің веб-сайтынан алуға болады](#)
- Шет тіліндегі құжаттар неміс тілінің ресми аудармасымен ұсынылуы керек. Шетелдік төлқұжаттың тек мәліметтер бар ғана беті аударылмай қалады.
- Қазақстан Республикасы құжаттарының және сот шешімдерінің түпнұсқаларына құзыретті органдар апостиль қоюға тиіс. Апостиль құжаттың түпнұсқасына қойылып, аударылуы керек. Басқа елдердің құжаттарын немесе сот шешімдерін ұсынған кезде ресми талаптарға қатысты шетелдегі құзыретті дипломатиялық өкілдікке немесе консулдық мекемеге хабарласыңыз.
- Өкілдік басқа құжаттарды талап етуге құқылы.
- Құжаттар толық болмаған жағдайда тексеру жұмысын ұзартып және бас тартуға әкелуі мүмкін.
- Визалық өтініш бойынша оң шешім қабылданғаннан кейін визаны рәсімдеу үшін қолданыстағы медициналық сақтандыру туралы полисті ұсынуы қажет, егер бұл құжат алдын ала тапсырылмаған болса.

### Жалпы ақпарат

Бұл виза **кәмелетке толмаған балаларға** ата-анасымен қайта қосылу мақсатында Германияға кіруге мүмкіндік береді. Виза балаға Германияда заңды түрде тұрып жатқан ата-анасымен (ата-аналық құқығы бар болған жағдайда) қайта қосылуға немесе Германияға баламен бірге кіру жоспарланған жағдайда берілуі мүмкін (мысалы, ерлі-зайыптардың бір бірімен қосылуы / немесе Германияда жоспарланған жұмыс аясында).

**Кәмелетке толған** балалардың ата-анасымен қайта қосылу тек төтенше жағдайларды реттеу шеңберінде жүзеге асырылуы мүмкін («Төтенше жағдайларды реттеу шеңберінде отбасын біріктіру визасы» жадынамасын қараңыз).

**Кәмелетке толмаған өтініш берушілер виза бөліміне келуі қажет!**

Келесі тізім Сіздің құжаттарыңыздың толық толтырылғанын тексеруге мүмкіндік береді. Мұнда көрсетілген барлық құжаттар сұралған **үлгі бойынша кезегімен** тапсырылуы керек.

### Виза өтініштерін бақылау тізімі

Әр өтініш бойынша келесі құжаттар толық көлемде ұсынылуы қажет.

- Ұлттық виза алу үшін неміс тілінде толық толтырылған және қолыңыз қойылған 2 дана өтініш.
- 2 дана «Тұрақты тұру туралы» заңының 54-шы § сәйкес қол қойылған түсініктеме.

<input type="checkbox"/> <b>3 биометриялық</b> төлқұжат фотосуреті, уақыты 6 айдан аспайтын, өлшемі 3,5 x 4,5 см келетін (өтініш бланкілерінің екеуіне де фото жапсырыңыз және үшінші суретті өзіңізбен бірге алып келіңіз) (→ <a href="#">Фотосуреттің үлгісі</a> )
<input type="checkbox"/> <b>Иесінің қолы қойылған</b> қолданыстағы <b>шетелдік төлқұжаты</b> + <b>толық мәліметтері көрсетілген парағының екі көшірмесі</b> . Шетелдік төлқұжаттың жарамдылығы сұралған визаның уақыт өткеннен кейін де кем дегенде 3 айлық күші болуы керек және кем дегенде екі бос беті болуы міндет.
<input type="checkbox"/> Туу туралы куәліктің <u>түпнұсқасы мен 2 дана көшірмесі</u>
<input type="checkbox"/> Жағдайға қатысты болса: бала асырап алу туралы куәлік және бала асырап алу туралы сот шешімінің <u>түпнұсқасы мен 2 көшірмесі</u>
<input type="checkbox"/> Жағдайға қатысты болса: АХАЖ органдарының әке болғаны туралы анықтаманың <u>түпнұсқасы мен 2 көшірмесі</u> НЕМЕСЕ туу туралы куәлікте әкесі туралы мәліметтер анасының көрсетуі бойынша толтырылғаны туралы АХАЖ органдарының анықтамасының <u>түпнұсқасы мен 2 көшірмесі</u> (берілген күні визаға өтініш беру күннен бұрын 4 апта аспауы керек)
<input type="checkbox"/> Жағдайға қатысты болса: Ата-анасының неке туралы куәлігі <u>түпнұсқасы мен 2 көшірмесі</u>
<input type="checkbox"/> Жағдайға қатысты болса: екінші ата-ананың қайтыс болуы туралы куәлік <u>түпнұсқасы мен 2 көшірмесі</u>
<input type="checkbox"/> Жағдайға қатысты болса: Ата-анасының біреуінің ата-ана құқығынан айыру туралы сот шешімі <u>түпнұсқасы мен 2 көшірмесі</u>
<input type="checkbox"/> Жағдайға қатысты болса: Некені бұзу туралы куәлік және ата-анасының некені бұзу туралы сот шешімі <u>түпнұсқасы мен 2 көшірмесі</u> . Неке 10.12.2019 жылдан кейін бұзылған жағдайда ғана ата-анасының ажырасу туралы анықтамасы.
<input type="checkbox"/> Егер бала ата-анасының біреуімен ғана кетсе: қалған ата-ананың Германияға кетуге және сол жерде тұруға келісімі туралы нотариалды расталған анықтама (өтініш берген кезде 3 айдан аспайтын) <u>түпнұсқа мен екі көшірмесі</u> .
<input type="checkbox"/> Ата-анасының төлқұжаты немесе жеке куәлігінің <u>екі көшірмесі</u> . Егер ата-анасының біреуі Германияда тұрса: Германияда тұруға рұқсаттың <u>екі көшірмесі</u> .
<input type="checkbox"/> Бала баратын тұлғаның жарамды (өтініш берген кезде үш айдан аспайтын) тіркеуі <u>екі көшірмесі</u> .
<input type="checkbox"/> Егер Сіз ата-анаңызбен немесе ата-анаңыздың біреуімен кетіп бара жатсаңыз және Сіз өз баспанаңызды алғанша Германияда туыстарыңызда немесе достарыңызда уақытша тұратын болсаңыз:
<ul style="list-style-type: none"> <li>○ Осы тұлғаның төлқұжатының немесе жеке куәлігінің <u>екі көшірмесі</u>. Осы жағдайға қатысты болса: сол тұлғаның тұруға рұқсатының <u>екі көшірмесі</u>.</li> <li>○ Осы тұлғаның тіркеу туралы жарамды (өтініш берген кезде үш айдан аспайтын) куәлік, <u>екі көшірмесі</u></li> <li>○ Осы тұлғаның онымен уақытша тұруға болатындығы туралы еркін нысандағы келісімі, <u>екі данада</u>.</li> </ul>
<input type="checkbox"/> 14 жасқа толған балаларға: сотталғаны не сотталмағаны туралы e.gov порталынан алынған электрондық анықтаманың <u>2 данасы</u> (визаға өтініш беру күніне дейінгі соңғы 3 айдың ішінде рәсімделген)



Deutsche Vertretungen  
in Kasachstan

- Өтініш беру кезінде 16 жасқа толған және Германияда тұратын, сол елдің азаматы емес болып табылатын тек бір ата-анамен қайта қосылуды жоспарлап отырған балалар Шет тілдерін меңгеру деңгейін бағалаудың жалпы еуропалық жүйесіне сәйкес C1 деңгейінде неміс тілін білетіндігін растайтын құжатты көрсету керек (Тұру туралы заңының (AufenthG) №32.2.1 әкімшілік ережелерін (VwV) көруге болады).

**Қазақстан Республикасының азаматтығы жоқ өтініш берушілерге:**

- Қазақстан Республикасында тұруға берілген ықтияр хат/тіркеуі, түпнұсқасы мен екі көшірмесі.